

Акция ережелері «Жаңа жылдық баланс-бум 10 000Т!»

1. Жалпы ақпарат

«Жаңа жылдық баланс-бум 10 000Т!» маркетингтік акциясы (бұдан әрі – Акция) «КАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС 15.12.2025 жылдан бастап 30.12.2025 жылға дейін өткізіледі.

Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын, соның ішінде «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңын, сондай-ақ «КаР-Тел» ЖШС-нің Жария шартын және төлем ұйымы ретінде «КАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС-нің ішкі нормативтік құжаттарын ескере отырып әзірленді.

Акцияның қатысушылары бола алады (бұдан әрі – Клиенттер):

- Әрекетке қабілетті жеке тұлғалар – «КаР-Тел» ЖШС Beeline ұялы байланыс операторының 16 жастан бастап абоненттері.
- «КаР-Тел» ЖШС-нің Жария шарт талаптарына сәйкес Beeline мобильді қаржылық сервисі (бұдан әрі – МҚС) қосымша қызметін пайдалану арқылы Жеткізуші және Абонент арасында жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша Электрондық ақшаны пайдаланумен жасалған абоненттер.
- МФЖ қызметі қолжетімді абоненттер.

4. Осы Акция Қазақстан Республикасының заңнамасы аясында лотерея, құмар ойын немесе өзге де ойын қызметі болып табылмайды. Акцияға қатысу үшін бөлек төлем жасау талап етілмейді, ал бонус Ұйымдастырушы мен Серіктестердің төлем және телекоммуникациялық қызметтерін пайдалануды ынталандыру шеңберінде ғана беріледі.

5. Бонустарды есептеу Ұйымдастырушы тарапынан «КаР-Тел» ЖШС ұялы байланыс операторының инфрақұрылымы мен жеке шоттарын пайдалану арқылы, «КаР-Тел» ЖШС-нің Жария шарттары шеңберінде жүзеге асырылады.

6. Акцияға қатысу үшін осы Ережелерде (бұдан әрі – Ережелер) көрсетілген шарттарды орындау қажет. Ережелер Акцияны өткізу шарттарының толық тізбесін белгілейтін жалғыз құжат болып табылады және <https://beeline.kz> сайтында жарияланады.

2. Акция ережелері

6. Клиент Beeline мобильді теңгерімінен келесі арналар арқылы төлем жасауы қажет:

- ✓ «Janymda» қосымшасында
- ✓ Simply қосымшасында
- ✓ біздің кеңселерімізде (флагмандар)
- ✓ біздің сайтта немесе серіктестеріміздің сайттарында не қосымшаларында
- ✓ Google Play-де (мысалы, Garena Free Fire, Roblox, PUBG, Standoff және басқа ойындарда, TikTok, YouTube Premium, Telegram және тағы да басқа сервистерде).

7. Акция өткізу кезеңі 15.12.2025 жылдан 30.12.2025 жылға дейін (қоса алғанда).

8. Төлемдер саны неғұрлым көп болса, бонустар ұтыс ойынында жеңіске жету мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.

9. Акция шарттары орындалған жағдайда, Клиенттер «КаР-Тел» ЖШС Beeline ұялы байланысының жеке шотына есептелетін 10 000 (он мың) теңге мөлшеріндегі бонус ұтыс ойынына қатысады.

10. Бір Клиент Акция өткізу кезеңі ішінде бонусты тек бір рет қана ала алады. Қайта қатысуға және бонусты қайта есептеуге жол берілмейді. Ұйымдастырушы әртүрлі абоненттік нөмірлерді пайдаланғанымен, бір тұлға ретінде сәйкестендірілген қатысушыларды (мысалы, ЖСН, IP-мекенжай, аккаунт және т.б. арқылы) акциядан шығаруға құқылы.

11. Қатысушы ұсынылған деректердің, оның ішінде бонус есептелетін телефон нөмірінің дұрыстығы мен шынайылығы үшін толық жауапкершілік көтереді. Қатысушының кінәсінен туындаған қате жағдайында (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, телефон нөмірінің дұрыс

көрсетілмеуі салдарынан) Ұйымдастырушы бонусты есептеу мүмкін болмағаны үшін жауапкершілік алмайды.

3. Акция бойынша бонусты алу шарттары

12. Акция келесі операцияларға қолданылмайды:

- ✓ аударымдар (картаға, банк шотына, әмияндарға)
- ✓ букмекерлік кеңселердегі төлемдер
- ✓ банкоматтар арқылы теңгерімнен қаражат шығару
- ✓ App Store-дегі төлемдер
- ✓ мобильді байланыс үшін төлемдері (Kcell, Tele2, Activ, Altel)
- ✓ теңгерімнен жолақы төлеу. **Ерекшелік:** көлік карталарын толықтыру — олар Акцияға қатысады.

13. Жеңімпаздар Акция шарттарына сәйкес келетін қатысушылардың сәйкестендіру нөмірлері тізімі негізінде <https://randomus.ru/list> кездейсоқ сандар генераторы арқылы анықталады. Сатып алулар саны жеңіске жету ықтималдығын арттырады, бірақ жеңіске кепілдік бермейді. Кездейсоқ сандар генераторы жеңімпаздарды анықтау үшін тек техникалық құрал ретінде пайдаланылады. Ұйымдастырушы үшінші тұлғалардың интернет-ресурсының жұмыс істеуіне кепілдік бермейді және жеңімпаздарды өзге баламалы тәсілмен анықтау мүмкіндігі сақталған жағдайда, оның уақытша қолжетімсіздігі үшін жауапкершілік көтермейді.

14. Акция аясында осы Ережелердің талаптарын орындаған Клиенттер арасында қолданыстағы заңнама мен осы Ережелерде белгіленген шектеулерді ескере отырып, апта сайын бонус ұтыс ойыны өткізіледі.

15. Ұтыс ойыны 2 кезеңде (Кесте) өткізіледі. Акция өткізу кестесіне сәйкес, әр апта сайын 500 жеңімпаз анықталады. Әр жеңімпазға «КаР-Тел» ЖШС Beeline ұялы байланысының жеке шотына 10 000 теңге мөлшерінде бонус есептеледі. Жеңімпаздардың жалпы саны 1 000 Клиентті құрайды.

Сатып алуды өткізу кезеңі	Ұтыс ойынын өткізу күні	Бонустерды есептеу күні
15.12.25 – 21.12.25	22.12.25	26.12.25
22.12.25 – 30.12.25	31.12.25	09.01.26

16. Бонустарды есептеу төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнама талаптарын, сондай-ақ төлем қызметтерін көрсету және электрондық ақшамен операцияларға қызмет көрсету туралы Келісімді және төлем ұйымының қызметін жүзеге асыру қағидаларын сақтай отырып жүзеге асырылады. Қатысушы есептелген бонустар тек «КаР-Тел» ЖШС-нің Beeline мобильді қаржылық сервисі шеңберіндегі қосымша қызметте ғана пайдаланылуы мүмкін екенімен келіседі. Есептелген бонустар айырбастауға, үшінші тұлғаларға аударуға және қайтаруға жатпайды.

17. Акция өткізу кезеңі ішінде 1 Клиент тек 1 рет қана ұта алады.

18. Бонустар Кестеге сәйкес әрбір ұтыс ойыны өткізілгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде есептеледі.

19. Егер жеңімпаз басқа ұялы байланыс операторының абоненті болса, бонус Simply бонус әмиянына есептеледі.

20. Бонус есептелген кезде Клиенттерге SMS арқылы хабарлама жіберіледі.

21. Апта сайынғы ұтыс ойындарының нәтижелері <https://beeline.kz> сайтындағы «Акция» сипаттамасында жарияланады.

22. Ұйымдастырушы форс-мажор жағдайларының салдарынан (телекоммуникациялық немесе қаржылық жүйелердің жұмысындағы іркілістер, табиғи апаттар, мемлекеттік органдардың әрекеттері және Ұйымдастырушының еркіне тәуелсіз өзге де жағдайлар) Акцияға қатысу немесе бонустарды есептеу мүмкін болмағаны үшін жауапкершілік көтермейді.

23. Ұйымдастырушы келесі жағдайлар үшін жауапты емес:

- ✓ үшінші тұлғалардың әрекеттері (қызмет жеткізушілерін, байланыс операторларын, қосымша провайдерлерін және өзге серіктестерді қоса алғанда)
- ✓ Қатысушы немесе Серіктестер тарапындағы техникалық ақаулар салдарынан Акцияға қатысу мүмкін болмауы

- ✓ Ұйымдастырушыға тәуелсіз себептермен (нөмірдің бұғатталуы, SMS қабылдаудан бас тарту және т.б.) қатысушының ұтыс туралы хабарламаны алмауы.

4. Өзге шарттар

24. «КАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС бюджет алдындағы уақытылы есептілік үшін жауапты.
25. Акцияға қатыса отырып, Клиент осы Ережелермен толық танысқанын және олармен, соның ішінде дербес деректерді өңдеу мен бонустарды алу шарттарымен, сондай-ақ сәйкестендіру деректерін (оның ішінде телефон нөмірі, бар болған жағдайда ЖСН, құрылғылардың техникалық идентификаторлары, IP-мекенжай) өңдеуге тек алаяқтықтың алдын алу, «бір адамға — бір бонус» қағидатын сақтау және осы Ережелерді орындау мақсатында толық келісімін растайды.
26. Акцияға қатыса отырып, Клиент Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес, Акцияға қатысу және Ұйымдастырушының бонустарды есептеу бойынша міндеттемелерін орындау мақсатында өзінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және сақтауға келісімін білдіреді. Дербес деректерді өңдеуді «КАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС және/немесе тиісті құпиялылық туралы шарттар жасалған уәкілетті үшінші тұлғалар жүзеге асырады. Клиент дербес деректерді өңдеуге берген келісімін кез келген уақытта Ұйымдастырушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы қайтарып алуға құқылы. Келісімді қайтарып алу Акцияға қатысуды тоқтатуға әкеп соғады.
27. «КАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС осы Ережелер бұзылған жағдайда Клиентті Акцияға қатысудан шығаруға, сондай-ақ мониторинг нәтижелері бойынша бонус беруден бас тартуға құқылы. Сонымен қатар, Акция шарттарын теріс пайдалану, бұзу, техникалық шектеулерді айналып өту әрекеттері немесе автоматтандырылған қатысу құралдарын пайдалану анықталған жағдайда, сондай-ақ Қатысушының әрекеттері бонус алу мүмкіндігін жасанды түрде арттыруға бағытталған айқын адал емес сипатта болған кезде, бонус беруден бас тартылуы мүмкін. Алаяқтық немесе манипуляция белгілері анықталған жағдайда, Қатысушы алдын ала ескертусіз және қайта қатысу құқығынсыз Акциядан шеттетілуі мүмкін.
28. Күшін жойған және қайтарылған транзакциялар Акцияға қатыспайды.
29. Акцияға «КАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС қызметкерлері, сондай-ақ олардың жақын туыстары (жұбайлары, балалары, ата-аналары) қатыса алмайды. Аталған тұлғалардың Акцияға қатысуы ұтыстың жойылуына әкеп соғуы мүмкін.
30. Акция шарттарындағы өзгерістер олар күшіне енген сәтте Акцияға қатысу шарттарын орындап қойған Клиенттерге қолданылмайды.
31. Ұйымдастырушы <https://beeline.kz> ресми сайтында ақпаратты жариялау арқылы қатысушыларды хабардар ете отырып, Акция шарттарын біржақты тәртіппен өзгертуге, Акцияны уақытша тоқтатуға немесе мерзімінен бұрын аяқтауға құқылы. Өзгерістер жарияланған сәттен бастап күшіне енеді. Қатысушы жарияланған сәттен бастап хабардар етілді деп есептеледі.
32. Қатысушы ұтыс ойынының нәтижелері бойынша нәтижелер жарияланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша өтініш беруге құқылы. Көрсетілген мерзімнен кейін түскен өтініштер қарастырылмайды. Өтінішке жауап 10 (он) жұмыс күні ішінде беріледі.
33. Қатысушы Ұйымдастырушының атына жазбаша хабарлама жолдау арқылы бонус алудан бас тартуға құқылы. Бас тартқан жағдайда бонус басқа қатысушыға қайта есептелмейді.
34. Бонус алу Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес салық салуға жатуы мүмкін. Ұйымдастырушы заңнамада көзделген жағдайларда жеке табыс салығын ұстап қалуға және аударуға құқылы. Қатысушыда табысты декларациялау міндеті туындаған жағдайда, Ұйымдастырушы сұрау бойынша есептелген бонус және ұсталған салық туралы анықтама ұсынады.
35. Ұйымдастырушы beeline.kz сайтында жариялай отырып, акция шарттарын біржақты тәртіппен толықтыра немесе өзгерте алады.